

ӘОЖ 2-472

**МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ОНЫҢ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

Бастимиева Камила Асхатовна

bastimieva_k@mail.ru

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Дінтану магистранты

Ғылыми жетекші – Қабылова А.С.

Қазақтың қай ақынының, жазушысының, әулиесінің шығармасын алып қарасаңыз да – тұнып тұрған философия емес пе?! Халқымыздың тек әлеуетін ғана ойлап қоймай, оның рухани қазынасының толығына да баса назар аударған. Себебі жан – дүниенің байлығын ешбір басқа материалдық байлықтар алмастыра алмайды.

Еліміз бар болғанынан бері тіл, дін, діл, тарих, әдебиет пен салт-дәстүр сияқты рухани қазықты толтыратын факторларға қатты көңіл бөлген. Жас ұрпаққа жастайынан дұрыс тәрбие беріп, қазақи болмысты сіңіре білуге тырысқан. Ұлылардың аты өшпесін деп, ауызекі әдебиетті дамыта отырып, атадан-балаға мұрамызды аманат етіп қалдырып отырған.

Сондай баға жетпес мұраларымыздың бірі –атамыз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары. Егер дін – өміріміздің ажырамас бөлігі екенін ескеретін болсақ, мәдениетімізге де, дәстүрімізге де, жалпы өркениетке де қатты ықпал ететіндігін ұмытпаған жөн. Сол себепті, әулие әлемдік кітапханаларда ұлылардың еңбегін зерттеп, бұл тақырыпта қазақтың өзіне сай ешбіреуге ұқсамайтын дәстүрлері мен ислам дінін байланыстыра білген. Сонымен қатар нағыз мұсылманның қандай болу керектігі жайлы, Аллаға деген махаббат, Алланың бар болуы, не жақсы, не жаман сияқты тақырыптарға көп еңбектер жазып қалдырған. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіп ол кездері әлі сауаты аз ашылған қараңғы қазақ халқын толғандыратын көптеген діни сұрақтарға жауап іздеп, қазақ тіліне аудармалар жасап, жүздеген жинақтарын қалдырған. Оған қоса, рухани

қазықтың бірі – әдебиетіміздің жоғалып кетпеуі үшін, халық арасында жүріп, ауызекі түрде ғана сақталған дастандар мен жырларды қағаз бетіне түсіру сияқты жұмыстармен де айналысқан.

Байқасаңыз, әулие тек бір іспен ғана айналысып қоймай, қазақ айтпақшы «сегіз қырлы, бір сырлы» болған дана, дара тұлға еді. Өйткені Мәшһүр Жүсіп жалқаулықты, көреалмаушылықты, надандықты қатты айыптаған. Нағыз мұсылман, нағыз қазақ тек білімге ұмтылып, бар өмірін Алланы тануға және елін көркейтуге арнауы керек деп есептеген.

Әлі күнге дейін дін саласында өзекті болып саналатын мәселелерді бір ғасыр бұрын талқылап, шешімін табу үшін біршама тер төккен. Бізге тек атамыздың діни көзқарастарын зерттеп, жан-жақты талқылап, негізгі айтайын деген идеясын тану қалды. Ол үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Мысалы, Елбасымыз бастауын салған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында қаншама жұмыстар атқарылды. Және де, елімізде «Дінтану», «Теология», «Исламтану» сияқты мамандықтарға одан әрі жақсы жағдайлар жасалынып, білімді студенттер қабылданып, аты бүкіл Республикаға танымал ұстаздардан Ұлттық университеттерде дәріс алып жатыр.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын ең алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым – Ж.Аймауытов. Оның да еңбектері мен шығармалары көп уақыт бойы ұмытылып, қарастырылмаған еді. Ж. Аймауытов ең бірінші болып Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінің басылып шығуының маңыздылығы жайлы сұрақтарды көтерді. Ғалым Мәшһүр Жүсіпті қазақ философиясы мен көркем әдебиетінің бағалы тасына теңей отырып, өзіне жекелей жазған хаттарында оның еңбектерінің халық үшін маңызды екендігін атап көрсеткен.

Ал Ж. Аймауытов ол туралы былай деп жазып қалдырған: « Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құланыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы еткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңдатады, күні еткен жат адам қылады. Жаңа заман үйте берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сән-салтанатты ескі күніңізді жырлап етіңіз!» [1, б. 242].

Осы тұста Ж. Аймауытовтың тұлға мен қоғам арасындағы қақтығыстар мәселесі жайлы көптеген шығармалар жазып қалдырғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар ол қазақ философиялық дәстүрінің өзегі болып саналатын қазақ халқының этикалық ойлау мәселелерін зерттеумен айналысып, көптеген маңызды талдаулар жасаған. Мәшһүртанушы-зерттеушілердің ойымен әбден келісуге болады. Олар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымын эволюциясын үш кезеңге бөледі: XIX ғ. Соңғы онжылдықтары, XX ғ. Басы мен кеңес одағы заманы [2, б. 14].

Қазақ халқының өз тарихы, салт-дәстүрі мен үйреншікті өзіне ғана тән тұрмыс – тіршілігінен бас тартқысы келмеген философ еліміздің болашағы тек қазақ тілі, ата-бабамыздан қалған тарих пен дәстүрлеріміздің сақталуының нәтижесінде ғана жарқын бола алатындығына сенген. Сол себепті ол заманауи жаңашылдықтардың ішінде де біздің рухани өмірімізге ұқсас келетіндерін ғана сақтап, қалған жаңа формаларды қабылдауға қарсы еді. Оның айтуы бойынша, кез-келген халықтардың философиясы қоятын сұрақтарға жауаптар – барлығымызға ортақ. Ал ол сұрақтарды қою мен оған жауап іздеу жолдары – әртүрлі.

«Өзі жаратқан мүлкін, өзі бар қылған мақұлығын құдай неге қырады? Кім болса, ол болсын, өзі жасаған нәрсесін өзі бұзбайды. Құдай тәбарак тағаланың мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар» [3, б. 385].

Қазақтың ақын-философы өзінің туған халқының рухани өмірімен тығыз байланыста болған. Ол өз заманына сай еңбектер қалдырып, сол кездің жарқын жұлдызы болды. Артына қалдырып кеткен мұрасының нәтижесінде еңбектері мен зерттеулері бүгінгі күні де әрбір ғылыми салаларда қолданылуда. Бірақ Мәшһүр Жүсіпке деген ерекше қызығушылық пен көңілдің себебі – оның философ әрі ақын болуының нәтижесінде. Ол кез-келген саналы адам өмір бойы ойланатын философиялық сұрақтарға өзінің ақындық шеберлігін пайдалана отырып жауап беруге тырысқан. Ал бұл әдебиеттің мықты әрі маңызды жағы болып табылады. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп әрбір сұрақтарды талқыға салған кезде, оған жан-

жақты жауап беруге тырысқан. Мүмкін сол себепті бүгін де оның өлең жолдарын оқу барысында қазіргі заманда орын алып жатқан мәселелерге тереңірек үңілуге болады.

«Исламның қайнар көздері бойынша адамдардың арасында дінге сенетіндер мен сенбейтіндердің, әркілы наным-сенім өкілдерінің болуы, сондай-ақ әр алуан нәсілдер мен халық өкілдерінің өмір сүруі Жаратушының даналығы мен құдіретінің бір белгісі болып табылады» [4, б. 265].

Философтың өмір мәңгілігі, мәні және адамның құқығының құрметтілігі жайлы жазған тұжырымдамалары бүгінгі күні талқылауға ең көп түсетін ойларының бірі болып табылады. Бұл жерде Мәшһүр Жүсіптің өз алдындағы ғалымдар мен ойшылдардың ойларын оқып, ой-санасының сүзгісінен өткізіп, барлығына түсінікті тілде қалдырып кетуінің үлкен қабілеті жайлы айта кеткен жөн. Көптеген халықтардың философиялық оқуларымен танысу барысында, ол тек өзінің дүниетанымы мен рухани дағдысына және шығармашылық танымына жақын келетіндерін ғана оқып, зерттеген. Олардың ойларымен жақынырақ танысып, салыстырмалы зерттеулер жүргізуінің нәтижесінде біз бүгінгі күні өте құнды діни-философиялық еңбектермен танысудамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымы – адамның бұл өмірге келу мәні мен оның Құдай, әлем, адамзат алдындағы міндеттері мен парыздары. Ойшыл үшін жан мен ұят сияқты категориялардың мәселелері – философиядан ажырап кеткен бөлек сұрақтар емес, керісінше адамның қалыпты тұрмысы үшін қажет факторлар болып табылады. Себебі адам ойланып толғанған кезде жан-жақты іздене бастайды.

Мәселен, М.Ж. Көпейұлының жеке дүниетанымынан осындай ерекшеліктер де көрініс береді. Оның дараланған тарихи тұлғасын педагогика мен психология саласы тұрғысынан қарастырған зерттеуші мамандар оның жан, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы бейғамдық және тағы басқа да психологиялық ұғымдарды зерделеуден өткізгенін атап өтеді [5, б. 272-273].

Ақынның шығармаларының негізгі тақырыптары – өмірдің мәні, рухымыздың мәңгілігі сияқты философиялық жағынан терең сұрақтар. Бұл сұрақтарға жауапты ақын тұтас дүниетанымдық жақтан беруге тырысты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әрбір адамның бұл өмірде өзіне қоятын сұрақтарының жауабын жекелей ғылымға да, дінге жүгінуінің арқасында да таба алатындығына сенген. Бірақ егер де рухани дүниетанымы дами түспей, тек ғылымға ғана жүгінетін адам бұл өмірде өзінің ең негізгі мақсаттары мен міндеттерін жолғалтады деп айтқан. Діни философтың айтуы бойынша, егер адамның жандүниесі жақсылық пен әділеттілікке ұмтылмаса, онда оның өмір сүруінің ең негізгі міндеті жоғалады. Өйткені бұл ең маңызды аспект болып табылады.

Бұл жөнінде Ә. Тәжібаев: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздық ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті» [6, б. 19].

Қазақ философының діни негізіне де тоқтала өткен жөн. Біздің шығуымыз бен өмір сүруіміз Құдай қалауының нәтижесінде болатын фактор екеніне сенген Мәшһүр Жүсіп тек жақсылық жасайтын адамдарды ең алдыңғы қатарлы санатқа қосқан. Білім алу мен интеллектуалды дамуды ислам дініндегі адам үшін ең маңызды міндет деп санаған Мәшһүр Жүсіп оны үш жақтан қарастырады: интеллектуалды, адамгершілік пен физикалық. Мәшһүр Жүсіп ислам ақыл мен ғылымның дамуына үлес қосты, ендігі кезекте олар Құдайды танып білуге үлес қосуы керектігіне сенген. Ал бұл жолға жету жолдарын ол сопылардың сенімі бойынша тек жүрек арқылы орындалады деп білген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқараста жазылған еңбектері кеңес одағының тұсында құрметке ие болмай, баспадан шығарылуына да тыйым салынған еді. Тіпті оны ақын, философ ретінде әдеби өмірден өшіріп тастаған еді. Бүгінгі күні оның еңбектерін атасы сияқты парсы тілін жетік меңгерген қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі К.П.Жүсіп аударып, қайта қалпына келтіруде. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерін парсы және араб

тілінен аударуда. Бірақ ол аударуға қиын келетін көптеген қысқартуларды қолданған. Соған қарамастан қазіргі уақытты Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын ренессансы деп атасақ болады. Себебі қазіргі таңда оның көптеген еңбектері жарыққа шығуда, бастысы олар адамның санасы мен жүрегіне жетсе болғаны. 1907 жылы мемлекет тарапынан қатты ыза тудырған Қазан қаласында Хусаиновтар баспасынан Мәшһүр Жүсіптің «Өмір бойы жиналған тәжірибе», «Позициялар» сияқты жинақтары мен «Сарыарқаның кімдікі екені» атты прозалық кітабы жарыққа шықты. Жарық көрген барлық еңбектерін сатылымнан алып тастап, автордың өзін саяси тұрақты еместердің қатарына енгізген. Сол себепті түрмеге отырмас үшін ақын біраз уақыт Ташкентке кетуге мәжбүр болды. Бұл шығармаларда ақын қоғамдағы теңсіздік, бостандық пен демократия мәселерін ашық түрде қозғаған.

Бұл жөнінде нақты мәліметті Ә. Қоңыратбаев береді. Ол: «Мәшһүр Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Құсайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап ел ішінде бұғып жүруі осыдан» [7, б. 245].

Араб және парсы тілдерін жетік меңгеруінің арқасында Мәшһүр Жүсіп Шығыстың поэзиясын терең танып білді. Олардың дастандарымен ұқсас келетін «Гүлшат-Шеризат», «Ғибратнама», «Баяннама» сияқты шығармалар жазған. Халық арасынан да ауызекі әдебиет түрінде ғана тараған Бұқар жырау, Көтеш, Шортанбай, Шөже өлеңдерінен жасаған жинақтары - бүгінгі таңда фольклористер, тарихшылар мен әдебиетшілер үшін өте құнды материалдар.

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас.
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан тыр жалаңаш [8 б, 271].

Халқымыздың байырдан келе жатқан рухани өміріміздің кең екенін жақсы білген Мәшһүр Жүсіп адамдарды жақсылық жасауға ынталындырған. Ақынның зұлымдық пен жақсылық тақырыптарына жазылған шығармалары өте көп. Бұл категориялар, адамның оң және теріс жақтарын сипаттай отыра, оның адамгершілік принциптері мен моральдық нормаларының айнасы болатындығы - шығармаларының ең басты ойы. Осыдан Мәшһүр Жүсіп үшін зұлымдық пен жақсылық сияқты түсініктер ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамындағы шынайы өмірдің сипаттамасы болғанын байқаймыз. Қоғамдық, экономикалық және саяси қиын кезеңдердің өзінде Мәшһүр Жүсіп қоғамда орын алған мәселелерді байқап, дұрыс ашып, оның моральға ең қарсы келетін тұстарын атап өткен. Оның этикалық идеялары түгел халықтың қызығушылығын оятты.

Көрегенділігімен таңқалдыратын әулие бүгінгі заманның жағдайын болжамдап кеткен. Ақындық шеберлігі керемет дамыған философтың ой-толғаулары мен діни көзқарастарының идеясы – әлі де толық зерттелген емес. Бұл істі қолға алу – жастардың тура міндеті. Себебі білімге талпынып, қазақи болмысымызды, тілімізді, мәдениетімізді, дінімізді, ділімізді сақтай білсек – рухани жағынан көркем дамыған қазаққа ешбір басқа ел тең келмейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманға жету – өзіміздің қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Копеев Ю. Хороший мулла // Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям. – 1890. – №14. – 242 б.
2. Копеев М.Ж. Нестареющее наставление / Публ. С.Джаксыбаева // Звезда Приртышья. – 1998. – 1 августа. – 14 б.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Туысқан бауырыма бір хат / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.
4. Мухаммед Хамидуллах. Islam Peygamberi. – Istanbul, 1957. – 265 б.
5. Ғажайып бір құс заманында // Д.У.Г. – 1890. - №18. 4 мамыр. – 273 б.
6. Тәжібаев Ә. Пионер. – 1986. - №4. – 19 б

7. Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 245 б.
8. Таңдамалы шығармалар жинағы / Құрастырған сөзін жазған С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1990 – 2-т. Өлең, қисса, мысалдар. – 271 б.